



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

8. БҚОММ 3546-қор. 16279 - іс-, 2-т.
9. Шахин А. Оралда тәуелсіздік үшін күресіп еді. // Орал өңірі. 1996, 14 желтоқсан.
10. Шахин А., «Қорғаймын!» деп қазақты... – Орал : Полиграфсервис, 2017. – 248 б.
11. БҚОММ 3546-қор. 3789 -іс, 1-т.
12. Балмолда М. Он төрт. Роман. Орал: «Полиграфсервис», 2017. – 323 б.

ӘОЖ 94(574.5)

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРІНДЕГІ ТӘРКІЛЕУ ТАРИХЫНАН: СЫРДАРИЯ ОКРУГІ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ

Құлмырза Мәдина Мұратқызы

kulmyrza_mm@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Тарих факультетінің 4 курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент – Е.Сайлаубай

Біз қарастырғалы отырған ХХ ғасырдың 20-шы жылдарының екінші жартысы мен 30-шы жылдарының басындағы тарихи үдерістер көптеген зерттеушілердің еңбектеріне арқау болып жүргені белгілі. Бірақ, бұл кезеңнің тарихы толыққанды зерттеліп болды немесе әділ бағасын алды деп кесіп айта алмаймыз. Себебі ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру қарсаңындағы тәркілеу науқанының тарихына қаншама зерттеуші қалам тартып, оның қалтарыс-бұлтарысына үнілуге ден қойса да, бұл мәселе жекелеген өңірлер бойынша толық зерттелді дей алмаймыз. Сол себептен де, жаппай тәркілеу тарихы әлі де зерттей түсуді қажет етеді. Осы тұрғыда Оңтүстік Қазақстан өңірі бойынша тәркілеу науқанының барысын және сол заманның тынысын тың мұрағаттық материалдар негізінде тарихи негізде ашып көрсету өзекті болатыны сөзсіз.

Тарихқа көз жүгіртсек, 1928 жылы қазақ байларының мал-мүліктеріне тәркілеу жүргізіліп, байлық иелерінің қатты шапа шеккендері туралы болса, ал бұл істің неліктен басталып, қалайша іске асқандығы толық ашыла қоймады. Негізінде, қазақ байларын тәркілеу және олардың көздерін құрту саясаты – сол кезде Қазақстанды басқарған Голощекиннің әу бастағы арманы болатын. Ол бұндай шараны социалистік қоғамға жат элементтерді, яғни байларды, құртпайынша жаңа қоғам құру барынша қиындай түседі деген теріс көзқарастағы принципмен түсіндіріп, осыны қалайда іске асыруға тырысып бақты. 1928 жылдың басынан бастап Голощекин республикалық екі – «Еңбекші қазақ» пен «Советская степь» газеттеріне байларды тәркілеудің аса қажеттігі туралы сан қилы мақалалар жариялап, күн құрғатпай радио хабарламалар жасап тұрды. Бай шаруашылықтарын тәркілеу алдын-ала ойластырылған, қазақ халқының мүддесіне қайшы, алдына сан-салалы міндеттерді қойған саяси-әлеуметтік шара ретінде көрінеді.

Тәркілеу науқанының қарсаңында Қазақ өлкелік партия комитетінің органы «Советская степь» газетінде жарияланған мақаласында Голощекин «Жер-су реформасы байлар мен орташа шаруаларды толық тәркілеудің табысты өткізілген дайындығы болды», шараның басты мақсаттарының бірі ауыл халқының «таптық сана-сезімін жетілдіру еді» - деп жазады. «Жергілікті халықтың жаппай сауатсыздығы, құлдық, кедейшілік, рушылдық, шашыраңқылық, тағы басқалар еңбекшілердің сана-сезімін жоғарылатуды, ауылдарды кеңестендіруді қиындатты. Міне, кейін ауылдарды революциялық «желменен» тексеріп, кедергісіз өз «Октябріне» жеткізу қажет болды» [1]. Сөйтіп, Голощекин басқарған өлкелік партия комитеті қазақ халқының түрлі әлеуметтік топтарының арасында қайшылықтарды қоздыра отырып, Кеңестік өкіметті «орнатуды» мақсат етті. Голощекин өлкелік комитеттің II Пленумында

оқыған есебінде «қазақтардың ұлттық сана-сезімі өсіп келе жатқандығы» және «ұлттық сана оянуының көзі – байлар» екенін айта отырып, қазақ халқының кедейленуінен большевиктер өкіметіне келер «еш қауіпке негіз жоқ» деген қорытындыға келеді. Голощекиннің шовинистік-нәсілшілдік сипаттағы осы сөздерінің өзі-ақ оның қазақ ауылын кеңестендіру, онда «Кіші Қазан төңкерісін» ұйымдастыру туралы «ой-жоспарларының» мәні мен мақсатын ашып көрсетеді.

1928 жылдың 15 наурызындағы Қазақ АКСР-ы Президиумының Қаулысы бойынша «Әкімшілік басқаруды округтік және аудандық жүйеге көшіру туралы» ереже бекітіліп, «Кеңестер және олардың Атқару комитеттерінің өлкелік (облыстық), округтік және аудандық съездері туралы» ереженің негізінде елді әкімшілік-аумақтық бөлініске бөлу жұмыстары іске асырылған. Сырдария губерниясын аудандарға бөлу 1928 жылдың 30 мамырынан басталды. Бүкіл одақ бойынша губерниялар тарап, олардың орнына округтер құрылған болатын. Бұрынғы Сырдария губерниясының орнына Қызылорда және Сырдария округтері құрылған. Уездер тарап, аудандар және колхоздар пайда бола бастаған. Жаңадан құрылған Сырдария округіне 3 қала, 21 аудан, соларға қарасты 567 ауылдық, қышлақтық және селолық кеңестер кірген. Сырдария округінің құрамына Әулиеата, Жуалы, Меркі, Сарысу, Шу, Талас, Бостандық, Ұржар, Қаратас, Келес, Қызылқұм, Созақ, Түркістан, Жаңақорған, Арыс, Бадам, Ақсу, Қараспан, Манкент-Сайрам, Шаян, Түлкібас, сияқты 21 аудан кірді. Міне, мен осы аудандарда жүргізілген кәмпеске науқанына қатысты Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік архивінің «Сырдаринский окружной исполнительный комитет» деп аталатын 74-қорындағы құжаттарды пайдаланып тәркілеуге байланысты мәліметтер келтіретін боламын. Қор құрамында Қазақ АКСР ХКК, Қазақ АКСР ОАК қаулылары, жиналыс хаттамалары, округтік және аудандық съезд материалдары, бай-феодалдарды кәмпескелеу жөніндегі құнды құжаттар кездеседі. Мұрағаттағы кәмпескеге қатысты құжаттар орыс тілінде және төте-араб әліпбиімен қазақ тілінде жазылған. Машинкамен терілген және қолжазба түріндегі құжаттардың арасында оқылуы қиын, өшіп кеткен мәтіндер кездеседі. Төте-араб әліпбиімен кириллицаға ауыстыру барысында құжаттардың мәтінінде қазақ тілінің жергілікті диалектикалық ерекшеліктерін кездестіреміз. Жалпы аталмыш құжаттар таптырмас дерек көзі деп айта аламын.

Округтар мен аудандар құрылып болған соң Голощекин 1928 жылы 27-тамызда Қазақстан Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің «Ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу және жер аудару туралы» декрет шығартты. 1927 жылы санақта Сырдария губерниясындағы мал саны 6 млн.680 мыңға жетті деп көрсетілген. Әлбетте, бұл малдардың дені «бай қрожалықтарының» меншігінде еді. Негізінде, 1928 жылы бай деп саналған адамдардың ел арасында бұрынғы патша үкіметі кезіндегідей үстемдігі қалмаған. Патша үкіметі кезінде мың-мыңдап мал жинап, аты шыққан байлар Лениннің 1920 жылы шығарған «Кооператив туралы» декретіне орай «байлар шаруашылығы» деп аталып, социалистік жүйеге сай шаруашылықтарға айналған еді [2]. Яғни, әр бай өзіне қарасты шаруаларды асыруға, жалақы төлеуге, мұң-мұқтажын шешуге, сондай-ақ жыл сайын табысынан белгілі бір мөлшерде мемлекетке салық төлеуге міндетті болып, осы тәртіппен жұмыс жасап келе жатқан. Алайда, тәркілеу туралы декрет шыға салысымен, бүкіл Қазақстандағы округ пен аудан орталықтарында партия жиналыстары ұйымдастырылып, бір аптаның ішінде жергілікті ОГПУ, НКВД, үштік комитеттердің мүшелеріне қай ауылда қанша «бай шаруашылықтары» және оларда қанша мал-мүлік бар екенін анықтау тапсырылған. Содан ел ішінде алапат зобалаң басталып, қаншама жандардың бастарына зұлмат төнген. Қаншама адамдар туған-туыстарынан айырылып, нешеме жас балалар жетімханаларға өткізілген.

Қаулы бойынша тәркіленетін «байлар шаруашылығын» 2 топқа бөлген. Барлық мал басы 2000-нан асқандар – 1 топқа, 500-ге дейін малдары барлар 2-ші топқа жатқызылған. 1-ші топтағылардың мал-мүлкі кедей-кепшік пен колхоздар меншігіне өткізілуімен қатар феодал ретінде сотталуы немесе жер аударылуы тиіс болатын. Облыстық архивтегі деректер бойынша, Сырдария округіндегі 1928 жылы кәмпескеленген 1-ші топтағы байлардың саны-89, 2-ші топқа

жатқызылғандардың саны – 202. Бұл жұмыс 1930 жылға дейін жалғасты. Нәтижесінде бір ғана Сырдария округінен 627 адам тәркіленіп, 322 адам жер аударылған. Оның жетеуі ату жазасына кесіліп, он тоғызы он жылдан аса уақытқа сотталған [3]. Кәмпескеге тек мал ғана емес, байлардың мүліктері мен киімдері, жіп-арқан, ер-тоқымдары, тіпті әйлдерінің әшекей бұйымдарына дейін іліккен. Кешегі «қосшы одағына» мүше болғандар залым белсенділерге айналып, байдың туыстарын да жер аудартып, ең соңы-он қой, екі сиыры барларды да бай санап, елден бездіріп жіберген.

Мұрағат құжаттарына келер болсақ, байлардың мал-мүлкін тәркілеу жөніндегі Республика үкіметі және Сырдария округтік комиссиясының құжаттарындағы №10 құжат Әулиеата ауданы бойынша хаттамаға тоқтала кетсем:

**Әулиеата ауданы бойынша
№10 құжат**

Протокол №5

1928 жылы 21 октябрьде Әулие-ата районы, бұрынға Талас болысының №8-ауылдың батырақ, союз Қосшы мүшелері және комсомолдары жиналып, райондық жерден келген уәкілімен бірге Байдек датқа сияқты басқа да халыққа бұрыннан зорлық қылып келе жатқан байлардың малын алып өздерін жер аударту туралы мәселені қарау үшін Қазақстан Орталық Кеңес Комитетінің 1928 жылы 27 август айында шығарған заңның түсінік беруші уәкілі Баймұхаммедұлымен бас қосқан жиналысы ашылды. Жиналысқа қатынасқан батырақ, союз қосшы мүшелерінен 98 адам, жастардан 14 адам жиналып мәжіліс ашылды.

Мәжіліс бастығы Шірен Мырзадәуірұлы, мүшесі Жондыбай Байтақұлы, хатшы Балтабек Көшербайұлы дайындалды.

Қаралатын мәселелер:

I. Қазақстан Кеңес үкіметінің байлары бұрыннан шынжырбалақ датқа, би, болыс болғандардың малын алып, жер аудару туралы баяндаушы Баймұхаммедұлы.

II. Кезекті істер.

Тыңдалды:

Жолдас Баймұхаммедұлының байлар, шынжырбалақ, датқа, би, болыс болып зорлық қылып кісі күшін пайдаланған және Қазақстан кеңесінің үкіметінің 1928 жылғы 27 августе шығарған заңын жиналған батырақ, союз, қосшы комсомолдарға түсіндіргеннен кейін көпшілік мына қарарға келеміз. Бұрыннан бай болып, атасынан бері қарай шынжырбалақ датқалық қылып, кедейдің қанын сорып кісі күшімен пайдаланып, Кеңес үкіметіне астыртын өзінің бұрынғы жуандығын жүргізіп, кеңс жұмысына қарсы болып келе жатқан мына төмендегі азаматтардың тізімін көрсетеміз:

1. Исақ Танатайұлы – екі жыл би болған және 6 жыл старшын болған, Николай уақытынан осы уақытқа дейін. Байлығы, шынжырбалақтығы арылмаған.

2. Оразбақ Тілеубердіұлы – бай болған, Николай уақытынан бері шынжырбалақ саудагер болып келген.

3. Тұрсынбай Байдалыұлы – Николай уақытынан кісі күшін пайдаланып бай болған адам.

4. Сүлеймен Ергеұлы – Николай уақытында 2 жыл старшын және бай болған адам.

5. Төлеп Ырысбекұлы – Николай уақытынан шынжырбалақ бай адам. Жаңа кеңес үкіметіне мойынсынбайды.

6. Сейітжан Шәкенұлы – бұрыннан байлығы арылмаған. Өзі уақытқа дейін саудагер болған.

7. Төлепберген Таспаұлы – Николай уқытынан шынжырбалақтығы, байлығы осы уақытқа дейін арылмаған.

Осы жоғарыдағы көрсетілген 7 азаматтарды көпшілік жиылған батырақ, союз Қосшы мүшелері, комсомолдар болып, бір дауыстан малдары алынып, өзери жер аударылсын деп тоқтам етсін.

Кезектегі мәселе ашық қалды.

Жиналыс жабылды.

Жиналыс бастығы: Мырзадауірұлы (қолын қойған)

Мүшесі: Жондыбай Байтақұлы (қолын қойған)

Хатшы: Балтабек Көшербайұлы (қолын қойған)

*8-ауылдық кеңес ағасы қуәланып Атабекұлы, хатшы
Көшербайұлы қолдарын қойған һәм мөрлерін басқан [4].*

Тақырып аясында жазылған құжаттар қоры тарих ғылымында өз орнын алуымен қатар, бүгінгі таңда жаңа көзқарастардың қалыптасуына және оның негізінде тарихи оқиғалар мен құбылыстарға объективті баға беруге, қоғамдық-саяси бағыттарды бағамдап, шындыққа көз жеткізуге, тарихи тағылымнан сабақ алуға және егемендігіміздің, елдігіміздің нығаюына септігін тигізетін тарихи сабақтастықты салмақты да салиқалы тұжырымдар негізінде саралауға және ұлттық болмысымыз бен тарихи сана-сезіміміздің айқындалуына ықпал етуде. Тәркілеу науқаны отандық және кейінгі кезде шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде жаппай ұжымдастыру немесе қазақ ауылдарын «советизация» жасау тұрпатындағы ізденістердің бір тарихи бөлігі ретінде қарастырылуда. Жалпы алғанда кезең бойынша тұрақты сипаттағы мол ғылыми қор қалыптасқан.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Жаулин К.М. Батыс Қазақстандағы шаруа қожалықтарын күштеп ұжымдастыру: тарихы және тағылымы (1928-1933 жж.). 07.00.02.Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – А., 1997. – 43-44-б.
2. Сырдария округіндегі тәркілеу науқанына қатысты құжаттар жинағы – Шымкент, «Нұрлы Бейне» баспасы, 2017. -6 б.
3. Сырдария округіндегі тәркілеу науқанына қатысты құжаттар жинағы – Шымкент, «Нұрлы Бейне» баспасы, 2017. -7 б.
4. Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік архиві (ОҚОМА). 74-қ., 1-т., 183-іс, 11 б.
5. «Сырдария округіндегі тәркілеу науқаны» құжаттар мен материалдар жинағы – Астана: ТОО «РЕГИС-СТ ПОЛИГРАФ», 2015. – 312 б.

ӘОЖ 93/94

ТАРИХИ ИНФОРМАТИКАНЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫЛАРДЫҢ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Мошқал Ерболат Молдабекұлы

Erbo_25@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің 2-курс студенті

Ғылыми жетекшісі – Г. К. Ерменбаева

Тарихи информатика - тарихи ғылым мен білім беруді ақпараттандырудың заңдарын зерттейтін ғылыми пән. Тарихи ақпараттың негізі барлық түрлерін тарихи көздері электрондық нұсқаларын зерттеу тәжірибесінде құру және пайдалану үшін қажетті теориялық және практикалық білім жиынтығы болып табылады. Таңдаған тақырыптың өзектілігі, әсіресе пәнаралық интеграциялық процестерді және ақпараттық зерттеулер жатқан, қазіргі заманғы ғылым тренд анықталады. Қазіргі кезде тарихи ғылымды дамытудың жаңа ақпараттық ортасы